

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ **3** (62)
28 наурыз 2015 жыл

SWWS

Павлодар
жастарының газеті

НАУРЫЗ -
2 бет ІЗГІЛІККЕ
ТОЛЫ
МЕРЕКЕ

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ:
Қазақты бір тудың
астына біріктірген –
Хақназар хан



3-бет

ҚЫЗҒАЛДАҚ:
Әлия Молдағұлова
туралы үзік сыр



5-бет

**ҰТҚЫРЛАРҒА
АРНАЛҒАН
«АКАДЕМИЯЛЫҚ
ҰТҚЫРЛЫҚ»**



6-бет

БАЛБҰЛАҚ:
«Жан анама
арнаймын»



7-бет

НАУРЫЗ – ІЗГІЛІККЕ ТОЛЫ МЕРЕКЕ

Құлпырып көктем де келіп қалды... Айналасына шуағын мейірлене төгетін бұл жыл мезгілін барлығымыз да асыға күттік. Өзімен бірге ырысты да, несібені де аямай ала келетін ғажайып көктемді кім жақсы көрмесін?! Бастауы 8 наурыз яғни, халықаралық әйелдер күнімен басталса, келесі кезекте халқымыздың төл мерекесі – Ұлыстың ұлы күнімен жалғасады. Олай болса ізгілікке толы мереке – Наурыз жайында біраз қызықты мәліметтермен бөліскенді жөн санаймын.

Наурыз – көне мейрам. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл ежелгі мейрам жайында, шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағандығы туралы Әбу Райхан Бируни, Омар найям, т.б. өз еңбектерінде мәліметтер келтірген. Мысалы, парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды, жаңа өнген жеті дөнге қарап болашақты болжайды, жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже ұсынады, ескі киімдерін тастайды, ескірген шыны аяқты сындырады, бір-біріне гүл сыйлап, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салады, үйдегі тіреу ағашқа гүл іледі, түрлі жарыстар ұйымдастырады.

Бұл мерекені Қазақстанмен қоса шығыс елдері: Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Тәжікстан, Пәкстан сынды шығыс елдері ежелден бері тойлап келеді. Мереке табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз – күн мен түннің теңелген күні. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-не ауысқан

түні болады. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады.

Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл, ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан, тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Қызықшылық онан әрмен «Ақ серек пен көк серек», «Ақ сүйек» сынды халық ойындарын ойнап, ән салып, би билеумен, ақындар айтысымен, «Қызғалдақ» мерекесімен, қазақша күреспен, ат жарысымен жалғасып кете беретін де, түнге қарай алтыбақан айналасындағы тамашамен жалғаса беретін. Бұл мейрам – бүкіл шығыс халықтарына ортақ салт.

Тегінде Наурыз ұлт мейрамы болғандықтан, оның тарихи маңызының тереңдігі бар. Ызғарлы қыстың кетіп, жаздың келетіндігіне жер бетіндегі тіршілік атаулының барлығы қуанады. Жасы үлкендер өздерінен кішілерге ақылын айтып, Ұлыстың ұлы күнінің қасиетін түсіндіреді. Адамдар араларында болған араздықтарын ұмытып, бір-біріне көшірім сыйлайды. Бұл күні тек жақсылықтар жасалып, қонақ болып бір-бірінің үйіне барады. Науан дастарханнан дәм ауыз тиіп, шаңыраққа сәлем беріп кетеді. Осы күнді «Ақ түйенің қарны жарылған күн» дейді халық.

Бұл мейрам – адамзат пен табиғаттың үйлесімін паш ететін күн. Сондықтан, Ұлыстың ұлы күнінде Жер Анаға тағзым жасау осы мерекенің басты нышаны бо-

лып табылады. Бұл күні адамдар табиғатқа жақындай түсіп, Жер Анамен үйлесім тауып өмір кешуге қадамдар жасайды. Бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылады. «Бұлақ көрсең көзің аш!», «Бір тал ексең, он тал ек!» деген сөздер осыдан шыққан болу керек.

Наурыз – достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі. Өжелеріміз бен аналарымыздың мерекеге арнап дайындайтын тағамдарының өзі қандай керемет! Дастарқанның басты асы – «Наурыз көже» тоқшылықтың белгісі. Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалады. «Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!» деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алады. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барсаң да жол болсын!» деп бата беріп, ақ ниеттерін білдіріп отырады.

Ұлыларымыздың Ұлыстың ұлы күжі туралы ұлағаты

Омар һаям:

...үш жүз алпыс бес күннің (күндіз-түнінен) ширегінен тұратын ұлы дәуірді «ұлы жыл» деп атады да оны төрт бөлікке бөлді. Үлкен жылдың төрт бөлігі өткенде үлкен наурыз болады. Бұл кезде дүние жаңаланады. Патшалардың бір рәсімі бар: жыл басында олар жақсылыққа бағыштап, әрі жыл есебін белгілеп алу үшін, тыныштық өмір үшін баршаға қатысты діни жиындар өткізулері лазым. Кімде-кім наурызды мейрамдап шуақты жүрсе, келесі наурызға дейін тыныш, бейған ғұмыр кешеді.

Абай Құнанбайұлы:

Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, Наурызнама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнді «ұлыстың ұлы күні» дейді екен.

Мәшһүр Жүсіп:

Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама.

Шәкәрім Құдайбердіұлы:

«Наурыз» парсы тілінде «Жаңа күн» деген сөз. Ескі қазақта (ескі түрікте) Жаңа жыл күнінің атты –

Ұлыс. Жыл басының аты Ұлыс екенінің дәлелі мынау: «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар», – деген ескі мақал.

Ахмет Байтұрсынұлы:

«Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде һәр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп көріжас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып, көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, Хұты наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында һәр түрлі сөйленеді. Біреулер Наурыз марттың бірінде, екіншілері тоғызында келеді деседі, һәр жұрттың белгілі күнде жаңа жылы туады, ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт нәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді.

Күн жылынып, қар еріп, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп көңілденген кез. Шаруа адамдарының бейнеттен қолы шешіліп, алты ай қыс баққан арықтарын үмітті күнге жеткізіп, демалып отырған кез. Ағаш, шөптер қар астынан сілкініп шығып, гүлденіп жасаруға даярланып, күн де қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып жоғары көтеріліп, бүтін ғаламға нұрын шашып, үйсіді үйлімен теңгеріп, бай мен жарлыға бірдей сәуле беруге тұрған кез. Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерісінің кезеңінде біздің Жаңа жылымыз – Наурыз туып, ата ғұрпымызды ұмытпай белгілі бір күнді жыл басы қылып алсақ ұнамды іс болар еді.

Міржақып Дулатов:

Жер жүзіндегі жұрттардың бәрінің де түрлі-түрлі мейрамдары болады. Мәселен, дін мейрамы ұлт мейрамы, мемлекет мейрамы секілді. Өзгелерді былай қоя тұрып, өзіміздің сыбайласымыз орыс жұртын алсақ, бұл туралы қазақтың мақалы да бар: «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп». Біздің қазақ айранға бай болғанымен, мейрамға жарлы екендігі осыдан да көрінеді. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз-ақ мейрам бар, ол – Наурыз.

Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа: Күншығыс жұрттарының көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, Кав-

каз, Түркістандықтар да мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, марттың ескіше 9-да, жаңаша 22-інде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінін жамылып өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды, жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге саяды.

Мағжан Жұмабаев:

Әр халықтың өзінше жаңа жылы, жыл басы болады. Азияда жаңа жыл – жазғытұрым, қазақ елінде – Наурыздың жиырма екісі. Жаңа жыл күні қазақ күн райына қарай алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп болжау жасайды. Қар тез кете ме, жаз жылдам бола ма деп болжам жасайды. Қазақтың Жаңа жылы – жызғытұры күн мен түннің теңелген (22 наурызда) күні болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы суық түннен ұзара бастайды.

Сәбит Дөнентаев:

«Марттың 22 күні – Наурыз мейрамы (жаңа жыл) екенін қазақ баласының көбі біледі. Бұл мейрам – дін мейрамы емес, ұлт мейрамы. Тегінде Наурыз ұлт мейрамы болғандығының үстіне оның тарихи маңызының тереңдігі бар. Ызғарлы қыстың кетіп, жан иесі өмір қуатын туғызған жыл, жаздың келетіндігіне барлық жаратылыспен қатар қазақ елі де қуанатын. «Қыс бойы өлімнің есігін күзетіп, үңгірде жатқан кәрі құйрық, мертік-шортықтар да қыбырлап дүниеде бар екендіктерін білгізе бастайтын, аурулар сауығамын деп, аттар тойынамын деп, жалаңаштар киімсіз де күн көремін» дегендей жұрттың бәріне үміт, әркім де жылы шырай сезіне бастап, «бәріміз де табиғаттың бергеніне ортақпыз» дегендей сағынышты көрісулері, жалынды құшақтасуларымен Жаңа жылды қарсы алатын. «Бүгінгі күні Самарқанның көк тасы да жібіпті» – десіп Наурыз күні пейілін кеңітпеген адамды тастан да қатты қылып шығарғысы келіп, аңыз қылысатын. Еңбекші қазақ елі, шығынды тыртаңнан аттарының басын тарта ұстап, тарихи мейрамдардың Наурызды жаңа тұрмысқа лайықты мейрамдап өткізудің жолына түсіндер. Жаңа жылға жаңа тілек, игі үмітпен шығуымыз керек».

Дайындаған Ақмарал ЕРМАНАТ



Қазақты бір тудың астына біріктірген – Хақназар хан

Хақназар қазақ хандығын 42 жыл биледі. Қазақ хандығының тарихында Хақназардай ұзақ жыл ел билеген хан болған емес. Ол – ел басқаруда, әскери-саяси істерде қабілеттілік танытқан қайраткер. Оның үстіне аса күрделі сыртқы жағдайларда дипломатиялық дарыны мол майталман екендігін көрсетті. Қазақ хандығының тарихын зерттеген тарихшылардың пікірінше Хақназар хан тұсында Қазақ хандығы «қайта түледі» деп баға беріледі.



Біз Қазақ хандығының тарихын сөз еткенде Керей мен Жәнібекті, Абылайды, Тәукені, Қасым хандардың атын ерекше атаймыз. Бірақ, ұзақ уақыт бойы хан тағында отырып, Қазақ хандығын құлдыраудан аман алып қалған, Хақназар хан жайлы неге айтпасқа? Қасым ұлы Хақназарды атақты, даңқты хандарымыздың қатарына қосуға әбден болады деген пікірлерді неге елемеске... Олай болса, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған, арнайы хандар жайлы мақалаларымыздың тізбегін бұзбай, келесі кезекте Хақназар хан жайлы ерекше мәліметтермен бөлісеміз.

Хақназар ханның билікке келуі

Хақназар ханның нақты қай уақытта ел билегені жайында пікірлер көп кездеседі. Соған қарағанда Хақназар тарих сахнасынан ойып тұрып орын алған хан болды-ау, шамасы. «Хақназар хан билікке қашан келді?» деген сұраққа, атақты ғалымдардың берген жауаптарын ортаға салып қарастырсақ... Шығыстанушы-иранист Олег Акимовский «Хақназар хан 1523-1524 жылдары билікке келді» дейді. Тарихи деректерге сүйене отырып, Хақназар ханның билікке қашан келгенін анықтауға көмектесетін 1537 жылы орын алған оқиға деп қарастырайық. «Уақытша әлсіреу» кезеңіндегі бес ханның соңғысы Тоғым хан 1537 жылы Моғолстан ханы Абдура-

шитпен соғысады. Сол шайқаста Тоғым хан өзінің қасындағы 37 қазақ сұлтанымен бірге қаза тапқан. Демек, Тоғым хан қайтыс болған соң Хақназардың билікке келгені шындық. Осыған сүйеніп тарихшы-шығыстанушы М.Әбусейітова Хақназар билікке 1538 жылы келді деп көрсетуі әділдікке сәйкес келеді. Ол: «оның XVI ғасырдың 50-60 жылдарында ымырасыздықпен жүргізген үздіксіз күресі хандықты саяси және экономикалық жағынан жаңа сатыға көтерді», – деп жазды.

Қазақтар мен қырғыздардың басын қосты

«Хақназар хан таққа отырған соң хандық үкіметтің билігін нығайтуға және күшейтуге қажырлы қайрат жұмсаған. Өзінен бұрынғы хандардың тұсында бытыраңқы жағдайға түскен Қазақ хандығын қайта біріктірген. Қазақ-қырғыз одағын үздіксіз нығайтып, тіпті, сол заманның тарихи деректерінде Хақназар хан «қазақтар мен қырғыздардың патшасы» деп атала бастаған. Ол осы қазақ-қырғыз одағына сүйене отырып, Моғолстан хандарының Жетісу мен Ыстықкөл алқабын жаулап алу әрекетіне тойтарыс берді. Хақназар хандық құрған дәуірде қазақ хандығының сыртқы жағдайында аса ірі тарихи оқиғалар орын алған. Бұл кезде батыста күшейе түскен орыс мемлекеті шығысқа қарай ірге кеңейтіп, Қазан хандығын, Астрахан хандығын басып алды, – дейді зерттеушілер.

Қазақ жерін кеңейтті

Хақназар билікке келген алғашқы кезеңде Дешті Қыпшақты қазақ хандығы туының астына қайта біріктіруді көздеді. Сондай-ақ, Моғолстанды бағындыруға көп күш жұмсайды. Ол Ноғай мырзаларын да бір тудың астына біріктіру қажеттігін жіте түсінді. Хақназар сыртқы саясатын алдымен Жайық өзенінің сол жағында көшіп жүрген ноғай ұлыстарын Қазақ хандығына түпкілікті қосып алу әрекетімен бастаған. Хақназардың бұл мақсаты орындалды да. Осылайша Қасым ханның кезінде бастау алған Жайықтың бойын Қазақ хандығына қосу әрекеті Хақназардың тұсында да жалғасты. Нәтижесінде қазіргі Қазақстанның батысы Қазақ хандығына толығымен қосылды. Хақназар хан бастаған қазақ пен қырғыздың біріккен қолы Моғолстан ханы Абдурашиттің баласы Абдулатифті 1556 жылы ойсырата жеңді. Абдулатиф осы шайқаста қаза болды. 1550 жылдың соңына дейін Моғол ханы Абдурашитпен Жетісу мен Ыстықкөл үшін шайқастар жүргізіп отыруға тура келді. Жетісу мен Шу, Талас аумағы 1570 жылдары түпкілікті түрде қазақтардың иелігіне өтті.

Хақназардың өлімі

«Хақназар хан Баба сұлтанның қайын атасы Жалым сұлтанмен бірге оны өлтірмек ниетінде қастандық ұйымдастырды. Бірақ қастандық кездейсоқ жағдайда ашылып қалады. Бұл кезде Баба сұлтан Шерабхан дейтін өзеннің жағасында Жалым

сұлтанның екі ұлы және Хақназар ханның екі ұлымен алдын ала келісілген кездесуге бара жатқан еді. Қастандық ұйымдастырылмақ болғанын ести сала Баба сұлтанның жеңдеттері Хақназар хан мен Жалым сұлтанның ұлдарын адамдарымен қоса қырып салды. Баба сұлтан сол күні-ақ Бұзағыр сұлтанға Хақназардың ордасына лезде жетіп, оны өлтіруді бұйырады. Егер Бұзағыр Хақназар ханды өлтірген болса, ол туралы мәлімет жазба деректерде қалар еді. Хақназар ханды Баба сұлтан астыртын жіберген жансыз у беріп өлтірген болуы ықтимал», – дейді ОҚМПИ-дің аға оқытушысы, т.ғ.к. Бахадыр Айтай.

Түйінсөз. Хақназар ханның билік құрған тұсында Қазақ хандығы көршілес елдермен дипломатиялық байланыстар орнатты. Хандықтың сыртқы және ішкі жағдайы тұрақталды, жақсарды. Хандықтың территориясы кеңіді. Мұның бәрі Хақназар ханның жүргізген парасатты саясаты мен көрегенділік қабілетінің арқасы болар.

Ендігі міндет – Хақназар ханның сарабдал қайраткерлігі мен саясаткерлігі, ержүрек батырлығы мен әміршілігі жайында кейінгі ұрпақ өкілдеріне насихаттау. Тарихымыз бүгіннен басталады. Тек жалғасын тауып, өз ретімен келе жатыр.

Ақмарал Ерманат

ТҮЛҒА



Шерхан ағаның шері

таза өмірден, жастық шағынан бастап жеңілмеуді үйренді. Шығармашылықтың адамы қиындыққа тап болған сайын шыңдала түсетіні айқын. Себебі рухы мықты адамдарды қиындық құлатпайды. Өмірі күреспен өткен Шерағанның оқырмандарына да беретін ойлары көп. Өйткені ол өмірде азды емес, көпті көрген тұлға. Сондықтан да ол өзгелерден ерекшеленіп тұрады. Шерхан Мұртаза ұлттық намыс, тіл мәселесі және адами құндылықтарды көп жазды, ұлттық мәселелерді халықтың сөздерімен айтты.

Елім саған айтам

«Елім, саған айтам, Елбасы сен тыңда» тақырыбында жазылған Камал Смайылов екеуінің хаттары журналистика әлеміне тың жанрды енгізді. Қос журналист азаттыққа оңай жетпегенімізді, ендігі мақсат тәуелсіз елдің тұғырындағы көк туды құлатпауды ертеден ойлады. Халыққа елдегі болып жатқан өзгерістерді іштей бұқпай айтты. Сол мәселелердің шешімін табуға тырысты. Бұл еңбекте «Журналистің мақсаты – қоғамдық маңызы бар мәселелерді қозғау, көтеру, ел назарын соған аудару, ал содан нақтылы қандай істер, нәтижелер шығатыны сол іс басында отырған адамдардың

ой-өрісіне, қабілет қимылына байланысты», – деп Камал Смайылов журналистің нақты қалай жұмыс істеу керектігін жазды. Сондықтан екі нар тұлғалы азаматтар бұл еңбекте елдің дамуы үшін қандай іс-әрекеттер жасалу керектігін айқын дәлелдеп берді. «Тәуелсіздік – жаңа шығып келе жатқан күн. Елдің емес, жас мемлекеттің емес, өз қарақан басының қамын ойлаған жемқорлар, паракорлар, Қазақстан байлығын талан-таражға салған саққандар! Жаңа шығып келе жатқан Күнді көлегейлеп, бүлтпен бүркемелеп, тұмшаламандар!», – деп Шерхан Мұртазаның елдегі болып жатқан әділетсіздіктерге бей-жай қарап отыра алмайтындығы көрініп-ақ тұр. Камал Смайылов екеуі бастаған бұл игі мәселеге елім деп жүрегі соққан әр азамат «Егемен Қазақстан» газетіне жауаптарын жаза бастады.

Ғылымдағы инфляция

«Тек адамдар имансыз болмаса екен. Әркім атақ-дәреже, мансап дегенді өз бойына, өз ойына, талант – талайына шақтап өлшесе, нысап деген қасиетті ұғымды ұмытпаса деймін ғой. Әйтпесе, қазір көшеде келе жатып, абайламай, біреумен қақтығысып қалсаң, академик болып шығады. Анау да академик, мынау да академик. Үлкен

де академик, кіші де академик. Мейлі ғой, қызғанбайық. Бірақ, бұл ғылымдағы инфляция ғой. Осыны неге түсінбейді «академикті» онды солды үлестірушілер? «Академик» деген атаққа шыннан лайықтымын ба?» деп бір сәт неге ойланбайды атақ-дәреже алушылар? Неге көз алдына Мұхтар Әуезовті, Қаныш Сәтбаевты елестетпейді бір сәтке? Өз шама-шарқын солардың ұлылығымен, даналығымен неге ойша салыстырмайды? Біле білсе, оңай академиктер қорлады ғой ғылымды да, ұлыларды да!», – деген сөзі ғылыммен тек қабілеті бар жандар айналысу қажет екендігін өз сөзімен дәлелдеп отыр. Ғалымдар, академиктер қоғамда көп болғанымен, өкініштісі – ашқан жаңалықтары аз. Бүгінде Шерхан Мұртазаның көтерген мәселесі қазіргі күнге дейін шешімін таппай келе жатқаны көңілге қаяу салады.

Адам еңбек етті ме - ақысын алыс

«Қазақстан – бәріміздің ортақ үйіміз. Кім үйін лас ұстағысы келеді дейсің?! Ортақ үйдегі әр азамат таңертең ұйқыдан тұрғанда: Үйімнің таза болуы үшін мен бүгін не істеймін керек? – деп түрегелсе, ұйқыға жатарда: Үйімнің таза болуы үшін мен бүгін не істедім? – деп жатса». Ал жеке басынан бұрын халықтың, елдің

жағдайын ойлау қажет екендігін Шерағанның осы бір сөзінен аңғарамыз. Бір сөзінде «Заңның азы, орындалуының көбі лазым. Әйтпесе не, Конституцияда да, заңда да жазылған. Адам еңбегін қанауға болмайды. Адам еңбек етті ме – ақысын алсын! Бұл қағида қасиетті Құран – Кәрімде де айтылған», – деген сөзінен әділетті адам екені аңғарылады.


«Елге оралған ағайынға жылу беру – ата-бабамыздың адамгершілік дәстүрі. Жылу беру – қайыр-садақа емес, ағайынның жанын жылыту, ұясын жылыту деген ұғым. Сонда ертең сен жаурасаң, ол сені жылытады. Ұлттың бірлігі, бауырмалдығы осындайdan құралады», деген сөзі қоғамды бауырмал болуға үйретеді. Абай Құнанбайұлының «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» – деген өлең шумақтарындай жазушы Шерхан Мұртаза да адамзатты бірлікке шақырады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін келтірсек, Шерхан Мұртаза шер тарқатып оқырманға зерделі ой тастайтын жазушы. Әдеби шығармаларында, публицистикалық еңбектерінде адамгершілік деген ұғымды ұмыт қалдырмай, жастарды иманды болуға шақырады. Ол өмірлік өшпейтін сөздер қалдырған нар тұлға.

Назгүл РАБИЛОВА

Шерхан Мұртаза қазақ журналистикасына тың дүниелерді енгізді. Оның публицистикалық еңбектері арқылы оқырман әдеп, адамгершілік және парасатты тереңнен ұғынуды үйренді. Жақсы журналист болу үшін – әдебиетті жақсы білу керек екенін өзінің өмірлік тәжірибесі арқылы көрсете білді. Ол қаламды өмірлік қару етті. Әділ сөзді, шындықты дұрыс көрді. Әдебиетте, журналистикада халықтың тынысын айта білген өжет тұлға. Оқырманды ойландыратын және ой тастай білетін жазушы. Оның табандылығы мен рух жігерлігін бүгінгі жастар үлгі тұтулары қажет. 1932 жылы ашаршылық кезінде дүние есігін ашқан Шерхан Мұр-

«Тайм менеджмент», немесе Уақытты қаншалықты тиімді пайдаланып жүрміз?



Уақыт – адамзатқа аманат етілген асыл қазына. Ал қазіргі кезде сізді «Уақытты қадірлеп жүрмін бе?» немесе «Өмірімді қаншалықты пайдалы өткізіп жүрмін?» деген сауалдар мазалап жүрген болар. Әрине жоқ. Сіз ұйықтап жатқанда уақыт өтуде, сіз тамақтанып отырғанда уақыт өтуде, сіз қалай табыс табам деп жүргенде де уақыт зымырап өтуде. Уақыт – керуен. Бір жыл – бір ай секілді. Бір ай бір жұма, бір жұма бір күн, бір күн бір сағат, ал бір сағат бір минут секілді өтеді де кетеді. Ал сіз болсаңыз талай уақытыңызды босқа жұмсап отырсыз.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев он бесінші қара сөзінде: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізілдің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?», дегенінде өз-өзіне есеп беріп, уақытты қалай дұрыс өткізуді айтады.

Бұл тұста әлемге танымал ғалым Отто Шмидттің 14 жасында өз өмірін уақытқа негіздеп жоспар құрғанын айтып кетуге болады. Бұл жоспарда өзінің бүкіл ғұмыры ішінде қандай кітаптарды оқып бітіру, қандай ғұламаларды білу, қандай іспен айналысу, қандай мәселелерді шешу керектігін және т.б. атап көрсеткен. Ал осының бәрін жазып, кейін қанша уақыт кететінін есептеп шығарған кезде 900 жыл керектігін көреді. Содан, қысқартады, бұл қысқартылған жоспарға 500 жыл керек бола-

ды да, соңында тағы қысқартылып 150 жылды қамтитын бағдарлама шығады. Өз өмірінің әр минутына дейін есептеп қойған ғалым өмірінің аяғына дейін 150 жылдық жоспарын орындайды. Оның 64 жылы өмір сүргенін ескерсек, ол өзіне міндетті істі үш еседей дерлік артық орындаған. Бұл жерде бір қызық мысал келтірейін. Егер адам 70 жас өмір сүрді деп жобаласақ, орта есеппен оның уақыты былай өтеді: 18-20 жылы жұмыс істеуге, 20-23 жыл ұйықтауға, 2 жыл уақыт сөйлеуге, 6-7 жылы ас ішуге, 6 жыл теледидар қарауға, 4-5 жыл жеке басының тазалығын ұстауға, 3 жыл жол жүруге кетсе, оның 1 жылға жуығы кептеліске кетеді. Екі жарым жыл емделуге, 180 күн қонырау шалу мен телефон қонырауын қабылдауға, 108 күн шаш тарауға, 52 күн жылауға, 3 тәулікке жуығы сағатқа қарауға, 10 ай әлеуметтік желілерде отыруға кетеді екен.

Уақыт бізге емес, біз уақытқа мұқтажбыз. Батыстықтар үшін уақыт бұл – ақша. Ал мұсылман халықтары үшін уақыт бұл – өмір. «Уақыт өлтіру», «Уақытты құр өткізу» секілді терминдер мұсылмандарға жат ұғымдар. Уақыттың қадірін жете түсінген имам Уақиға қарны ашқанда нан жемей тек сұйық тамақ ішеді екен. Ол адамнан себебін сұрағанда: «Нанды шайнауға жұмсалған уақытта күніне 50 аят және хадис оқуыма болады», – деп жауап беріпті. Ибн Аббас (р.а.) айтады: «Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) бір кісіге үгіт айтып жатып былай деді: «Бес нәрседен бұрын бес нәрсенің қадірін біл: қартаймай тұрып жастық шақтың қадірін біл, ауырмай тұрып денсаулықтың қадірін біл, кедейліктен бұрын байлықтың қадірін біл, қысылтаяңнан бұрын бос

уақытты қадірле және өлмей тұрып тірлігіңді ғанибет біл».

Ал Сіз сағат тілі неге оңнан солға қарай жылжиды деп ойлап көрдіңіз бе? Оған екі түрлі себеп бар. Бірі, ежелгі мысырлықтар күннің шығыстан шығып, батыстан батуына байланысты алғаш күн сағат ойлап тапқан. Содан бергі салт әлі сақталған. Екіншісі, сағаттың солдан оңға қарай, яғни, алға қарай жылжуы уақыттың кері қайтып келмей, тек алға жүруін көрсетеді.

Өмір болғаннан кейін қуаныш пен қайғы қатар жүреді. Бір кезде сүрініп құлайсың, бір уақытта қайта тұрасың. Бір уақытта ауырсаң, бір уақытта тәуір болып шығасың. Бір уақытта жылайсың, бір уақытта күлесің. Алма кезек ауысқан бұл жалғанда жан жазасына уақыт емші демекші сабырлық танытып мойымау қажет. Әрбір берілген минутымызды сарп етпей саналы түрде сауапты да, салықалы істерге жұмсау қажет. Себебі уақыт – алақанымызға құйылған су секілді, шөлімізді қандырып үлгеруге тиіспіз.

Максим Горький: «Бір күнге кішкентай өмір сияқты қарау керек» демекші, мен күн сайын көзімді ашқан кезде алдымда екі тандау тұрады. Бірі, оятқыш сағатты сөндіріп тастап ары қарай тәтті ұйымды жалғастыру, я болмаса, күнделікті жасап жүрген пайдалы жұмысымды жалғастыру. Және әркімнің де алдында осындай тандау тұрары анық. Қалай дегенмен де қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырымызды ғибратты өткізейік.

Бексұлтан
КАБЫШЕВ



ҮШҚЫН

ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстандық жол» еңбегінде атап айтқандай: «Жас ұрпақ ірі мәселелерді шешу жолындағы қиындықтарды жеңе білуі, үнемі өзгеріп тұратын экономикалық және технологиялық ортада дұрыс бейімделе білуі қажет, әрі бұл жағдайды өз пайдаларына орай әрқашан екі қадам алда болулары тиіс».

Біз қазіргі еліміздің өрендей жастары Отанымыздың гүлденуіне аянбай тер төгіп, тарихын ұмытпай қастерлейтін ұрпағымыз! Ұлттық санамызды, тілімізді, дінімізді құрметтей отырып, ұлттық құндылықтарымызды көрсетуіміз шарт! Жүгінарда, қазаны теңде болып, көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқы ертеден-ақ ана тілін, туған жері мен әдет-ғұрыптарын есте сақтап, бойтұмар еткен. Қазіргі таңда тәуелсіздіктің парқына ешкім жете бермейді. Тарихқа көз салып қарасақ, бодандық жолында қаншама азапқа толы бітпеген дау-жанжалдар, күлкісіз күндер мен ұйқысыз түндер, қайғыға толы жүрек назы, аяусыз қатігездік, өкініш, сағыныш бәрі болған. Айта берсек халқымыз көп қиыншылықтарды көргенін ұмытпағанымыз жөн. Тәуелсіздіктен кейін дүниеге келген жастар тек тәуелсіз Қазақстанды ғана біледі, олардың санасы мен психологиясында тәуелділік, бодандық деген

ұғымдар жоқ, тіпті, болмай-ақ қойсын деп тілеймін.

Қазақ қазақ болғалы қилы замандардың теперішін көрді. Ата-абаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсап өткен арманы тәуелсіздік еді. Бүгінгі жастар сол тәуелсіз елдің ұрпағы. Күні кеше яғни, тәуелсіздікке дейін әлемде «Кеңестей ел жоқ» деген империалистік саясат та қазақты мойындамай қырғыз-қайсақ атады. Алаштың маңдайына біткен арыстарымызды атып, асқан тәуелсіздікке ұмтылған жастарымызды еш аяусыз ұрып-соққан қасіреттен құтылып, әлемнің аузын айға білеген алпауыт елдермен қазіргі күнде тереземіз тең ел болдық.

Қазіргі таңда қоғамда жастар арасында «Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы» сөз болуда. Мұндағы негізгі мақсат – жастардың әлеуметтік, азаматтық-құқықтық, патриоттық, инновациялық және шығармашылық әлеуеттерін дамыту болып

табылады. Қазір елімізде жастарға деген қамқорлық барлық салада көрініс беруде. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында, қабылданып жатқан барлық мемлекеттік бағдарламаларда жастардың рөлі мен белсенділігіне ерекше мән берілген.

Бүгінгі жастар – ел ертеңі. Қазақстандық патриотизм – бүкіл қазақстандықтарға, әсіресе енді ғана құлпырып, өсіп келе жатқан жалынды жастарымызға тән. Оларға ең алдымен жоғары білім қажет. Мен өзімді ұлтжандымын деп ұғынамын және менің бойымда ұлттық патриотизм басым. Жастарымыздың әлемдік, халықаралық, республикалық түрлі жарыстарда, спорттық олимпиадаларда жүлделі орындар алып Көк байрағымызды желбіретуі – біздің рухымызды биіктеткенмен тең. Осыдан қарап-ақ, жалынды жастардың қатары көбейіп, патриоттарымыздың еліне деген




асыл сезімі жоғары екенін танимыз. Жастарымыз тек алға ғана самғау қажет. Қазақ көкірегінде намысы, көзінде оты бар жастарын тынбай талаптандырып, үзбей іздендіріп, ерінбей еңбектенуге үйретуі қажет.

Біз келесі мыңжылдыққа бар халықты бауырымызға тарта отырып, жастарымыздың ақыл парасатымен, саналы тәрбиесі және сапалы білімімен ғана аяқ басуымыз тиіс. Сонымен қатар қазақты қазақ етіп танытатын

салт-дәстүріміз бен тілімізді де естен шығармауымыз қажет. Өскелең ұрпақ, болашақ жалынды жастар ұлттық рухты жоғалтпай, олардың жігері мен намыстары қайралып, бойларындағы Отан деген ұлы сезім мен оған деген мұраттары баянды болсын!

Нұрбәне
РАХИМОВА



Сұлу бойжеткендер! «Қызғалдақ» айдарынан қыздар арасындағы сырлы да салиқалы әңгімелерді, аты аңызға ерген қана да қара, батыл да мейірімді нәзік жандылардың тағылымын, қызықты жаңалықтар мен ғибратты сөздерді, бойжеткендерімізге арналған кеңестерді оқи аласыздар.

БАТЫР ҚЫЗ



Əliya Moldağulova туралы естелік

қалдым. Соғыс аяқталған соң елге қайтамын» деп жазыпты» деп еске алады Сән Молдағұлова.

Сөйтіп, соғыс басталып, Əliya тәрбиеленіп жатқан балалар үйінің тәрбиеленушілері түгелдей уақытша Ярославль облысындағы лагерьге жіберіледі.

Əliyanың көзін көрген майдангер жазушы Жекен Жұмахановтың «Майдан дәптерінде» адам өлтіру түгілі тауық өлтіріп көрмеген» қайсар да нәзік қазақ қызының не себепті «көзі жасты, көңілі бос бола тұра шортынан қайтып, белді берік байлап, солдат болғаны» айтылады.

Əliyaмен арнайы іздеп барып сөйлескен сұхбатында мерген қыз жазушыға жаудың жауған оғынан тас-талқаны шыққан Ленинград туралы, өртеніп, күлі көкке ұшқан балалар үйлері, мектептер, балалар бақшалары туралы, өртеніп жатқан үйлердің бірінен жүгіре шыққан 9-10 жастар шамасындағы Володя деген бала туралы айтып береді. Сол әңгіменің ауанына ойыссақ, Володяны жетегіне алған Əliya дамылсыз жүгіріп келе жатқанда аспан гүрілге толып, бомба сол маңның астанкестенің шығарады. Володя қайтыс болады.

— Володяның сүйегін көтеріп жүрген сол сағаттарда мен қатаң бір мектептен өттім. Сол күні түнде ұйқы көргенім жоқ, қол-аяғы былқ-сылқ етіп, телмірген ай сәулесінде жатқан Володя көз алдымнан кетпей қойды, қаланы кезіп кеттім де, военкомат атаулының бірін тауып алып арыз еттім: «Мені майданға жіберіңіз, жауды көбірек құртатын жұмыс тапсырыңыз» деп жаздым, солай деп айттым, солай деп жыладым. Военкомның алдынан кетпей қойдым, көз алдыма мөп-мөлдір көздері жайнап, Володя тұрып алды, — дейді Əliya.

Ж.Жұмаханов. «Майдан дәптерінен»

БОЙТУМАР

Әйел адалдығы

Ерте заманның бірінде қазақ даласына шабуыл жасаған дұшпанның қалың қолы бір қаланы қоршап алады. Қалаға келетін ауыз суды тоқтатып қорғаннан өте алмаған жау халықтың берілуін күтіпті. Бірнеше күн өтсе де, қала берілмейті. Сонда дұшпанның әскер басы мынадай бұйрық шығарыпты:

— Қаладан көтергенше жүк алып, әйелдердің кетуіне рұқсат етемін, — дейді.

Әйелдер бір-бір қапшық арқалап қаладан шығып кетеді. Дұшпан қалаға кіріп қараса, бір де бір еркек жоқ. Әйелдер ер азаматтарын қапқа салып көтеріп кетіпті. Кішкене қыздар ұл балаларды, кемпірлер шалдарды көтеріп қаладан шығып кетіпті.

Осылай бір халықты әйелдер аман алып қалған екен. Кішкене қыздар ұл балаларды көтеріп шығарыпты. Сен осылай жасай алар ма едің? Достық деген қасиетті сөз, қасиетті сезім, ол тек адал адамдар арасында ғана қалыптасып, өзара құрмет негізінде ғана дамиды.



СӘН-СЫМБАТ

Коко Шанель: сән өтеді, стиль қалады

Сән мен стиль патшайымы Коко Шанель өмірден өткен ғасырда өтсе де, сән мен сұлулық әлемінде еш теңдесі жоқ аңыз әйел болып қала бермек. Коко өзінің ерекше талғамы мен жан сұлулығына деген ынтасымен танымал. Сонымен қатар, оның артынан қалған қанатты сөздері ешкімді ойландырмай қалдырмайды. Бүгінгі мақалада мен әрбір әйел заты оқу керек деп есептейтін Коконың 20 қанатты сөзін қазақ тіліне аударып, ұсынып отырмын.

*Сән-салтанат — қолайлы болу керек, әйтпесе ол сән-салтанат емес.

*Кішкентай қара көйлекке бас иіңіздер!

*Сән өтеді, ал стиль қалады.

*Әдемілікке күтім жасаған кезде, жүрек пен жаннан бастау керек, әйтпесе, ешқандай косметика көмектеспейді!

*Сіз мен туралы не ойлайтыныңызды білмеймін, ол туралы мүлде ойламаймын.

*Шалбар әйелді ерікті етеді.

*Жиырма жасыңызда сізде табиғат берген бет, отыз жаста сізде өмір салып берген бет-әлпет, елу жаста сізде өзіңізге лайық бет-әлпет болады.

*Мінсіз белдемше тізені жауып тұру керек.

*Алғашқы әсер қалдыру үшін сізде екінші мүмкіндік болмайды.

*Баға жетпес әйел болу үшін үнемі өзгеріп тұру керек.

*Иіс су — көрінбейтін, бірақ ұмытпайтын үздік сәнді аксессуар. Ол әйелдің келгені туралы хабар беріп, ол кеткеннен кейін де оны еске түсіріп тұрады.

*Қартаю махаббаттан сақтамайды, бірақ махаббат қартаюдан сақтайды.

*Әрбір әйел әдемі болып туылмайды, егер ол 30 жасқа келгенше, сұлу болмаса, онда ол жай ғана ақымақ.

*Егер қандай да бір әйел сізді сұлулығымен таң қалдырса, бірақ сіз ол қандай киімде болғанын есіңізге түсіре алмасаңыз, онда ол әйелдің киінгені мінсіз болған.



*Әйелді тым қымбат киім секілді еш нәрсе қартайта алмайды.

*Қолдар — қыздың визит карточкасы, мойын — төлқұжаты, кеуде — шетелдік төлқұжаты.

*Боянбайтын әйел — тым өркекірек.

*Сұлулық қалады, ал жақсы сыртқы келбет жоғалады. Алайда әйелдер сұлу болуды емес, жақсы келбетті болып қалуға тырысады.

*Талғамы жақсы адамдар бижутерияны тағады, ал қалғандары алтын тағуға мәжбүр.



СЫРЛАСУ

Болашақ бойжеткендермен сырласу

Іштеріңнен шығады жаңа дарын, Бізден биік болады саналарың. Бізден бөлек болады ғасырың да, Бізден бөлек болады модаларың.

Соғыс салған жараны көрмейсіңдер, Жоқтық, аштық дегенге көнбейсіңдер. Біздің ұрпақ әкесін жау өлтірген, Деген, сірә, «ертекке» сенбейсіңдер.

Бізден басқа ырғақта өн айтасыңдар, Басқаша әуен аспабын тартасыңдар. Біздер тамақ пісірген қазандарды, Тамашалап музейден қайтасыңдар.

Бойжеткені болашақ ғасырымның, Айып болмас сендерге ашылуым. Сендер үшін — ескілік ар сақтаған, Сендерде жоқ бүкпе сыр, жасырын мұң.

Қастерленбес Баяндай сертің бүгін, Ажыратты бояудан көркінді кім? Осы күннен даярлап жатырсыңдар, Махаббат пен сезімнің еркіндігін.

Шаршатпаған пәк сезім болып қайғы, Сендік жүрек сүйуден қорықпайды. Махаббаттың «еркіні» еш ғасырда, Өз жолында бақытқа жолықпайды.

Ақұштап Бақтыгереева



Мен мемлекетімнің гүлденуі үшін не істей аламын? немесе Патриотизмнің идеялық негізі ұлттық құндылықтарға жатыр

Елбасымыздың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында «Жаңа Қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр», – деген болатын.

Нағыз патриоттық сезім Еліміздің тарихын, әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрін терең білуден басталады. Өз еліміздің тарихын білмесек, осы күнге дейінгі ата-бабамыздың тәуелсіздік үшін қанша қиындықтар мен азаптардан өтіп, қан мен терін төге жүріп өткен еңбектерін бағалай алмасақ нағыз патриот бола алмаймыз.

ПАТРИОТТЫҚ РУХ ӨТКЕН КҮНДЕРДЕН БАСТАУ АЛАДЫ

Елбасымыз Ұлытаудағы сұхбатында: «Біз өз тарихын жаңадан біліп жатқан елміз. Қазақтың тарихы өте бай. Оны білуіміз керек», – деген еді.

Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге осынша танымал әрі беделді, осы ұғымның қазіргі мағынасындағыдай мемлекет болмаған да шығар. Бірақ бұл «мемлекет» термині кейіннен қолданысқа енгендіктен, сол кездегі хандық дәреже қазіргі мемлекет сөзімен тең мағына береді. Ал Елбасы Н.Ә. Назарбаев бабалардың ұлы ісін жалғастырушы мұрагер болып табылады десем қателеспеспін. Биыл біздің ел Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлауда.

Бытырғы жыл Қазақтың тарихы жылы ретінде жарияланып, қуанышымызға орай, дүниежүзінен қазақтың жазба жәдігерлері жиналып, зерттелді. Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктердің мемлекеті болады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, ол хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымызды жастарымыз білуі керек. Біз кеше ғана пайда бола қалған халық емеспіз. Ұлытау – жаңағы айтқан ғұндардың да, көк түріктердің де, Алтын Орданың да орталығы болған жер.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Елді ел қылатын, қазақты қазақ қылып тұратын ол – әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлер емес пе?! Шынында да ұлттар мен ұлыстар бір-бірінен мәдениеті мен әдеп-ғұрпы, салт-дәстүрлерімен ерекшеленеді.

Қазір де біріміз білсек, біріміз біле бермейміз ұлттық құндылыққа осы мәдениетіміз, салт-дәстүріміз, ата-бабаларымыздан қалған құнды жәдігерлер мен өсиет сөздері жатады. Осы құндылықтарымызбен мақтануымыздың орнына ұмытып, қайдағы жат елдің түсініп болмайтын әдетіне әуеспіз. Бұл бір өкінішті жағдайымыз. Ел қазынасының ең үлкені – бейбітшілік пен тамыры тереңде жатқан тарихымызбен салт-дәстүріміз екені белгілі. Егер біз өзімізден кейінгі жастарға үлгі көрсете алмасақ, онда еліміздің болашағы не боларын бір ойланып көрейікші. Жастарымыз үлкендерге қарап бой түзейді.

БІЛІМ-ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІ

2016 жылдан бастап мектептердегі бастауыш сынып оқушыларына «Ғылымға кіріспе» деген пән оқытылатыны туралы хабардар болдым. Мысалыға осы секілді мектеп бағдарламасына, ЖОО оқу бағдарламасына, «Болашақ» бағдарламасымен білім алушылардың қабылдау емтиханына салт-дәстүрмен таныстыратын пәндік жоспар енгізілсе құп болар еді. Мұндағы мақсат, бір жағынан патриоттық сезіміміздің артуына үлесін қосып, ұмы-

тылып жатқан дәстүрімізді де жаңартар едік. Сондай-ақ, өзіміздің асылдай алтын салт-дәстүрімізді бағалай отырып, өзге елдердегі дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды салыстыра отырып, өз дәстүріміздің артықшылығын сезінер едік. Бұл қадамдар жастардың патриоттық сезімін оятып, «Болашақ» бағдарламасымен жат елге білім алуға кеткен жастарымыз басқаның жағымсыз әдеттерін өз бойына сіңіруден сақтануға жол салады. Сол арқылы қоғам санасына жағымсыз ғұрыптардың еніп кетуіне тосқауыл жасар едік, тарихымыздың сақталуына және еліміздің болашағы жарқын болуына аз да болса оң істер атқарар едік.

Елімізде білім-ғылымды дамыту үшін көп еңбек пен қаражат жұмсалуда. Бүгінгі жас ұрпақтың шетелдерде білім алып келуі қазір ешқандай қиындықсыз іске асырылып жатыр. Мұндағы мақсат – ел болашағы жастар болғандықтан білім алсын, өзге елдегі озық үлгіден тәжірибе алмасып, білімі мен кәсібилігін дамыту. Бұдан бөлек, бүгінде қазақстандық жоғары мектептерде «Академиялық ұтқырлық» сынды бағдарлама білімін жетілдіремін, біліктілігін арттырамын деген студенттер мен магистрантар игілігіне қызмет етуде.

ҰЛТТЫҚ САНА

Теледидарлардан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді паш ететін бағдарламалар көрсетілсе игі болар еді. Осыдан он

шақты жыл бұрын «Қазақстан» телеарнасынан ұлттық мәдениет пен дәстүрді насихаттайтын «Алтын Сақа», «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ», «Сөз мерген» сынды бағдарламалар көрермен назарында болды. Ол теле жобалардың көрермендерге бергені көп болды.

«Тіл – әр халықтың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінге жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелеуші, яғни бар тарихының куәгері, деректі көзі» деп түріктанушы Сәрсен Аманжоловтың айтқанындай ана тілімізге мән беріп, күн санап дамытуымыз керек. Себебі «Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» деп халқымыз бекерге айтпаған. Олай болса, ЖОО-ларда, кәсіпорындарда және мемлекеттік мекемелерде ана тілімізді оқытатын екі-үш айлық тегін курстар ашып, акциялар өткізсек жақсы болар. Бұлардың бәрі құр сөзбен айтып қоймай іске көшетін кез келді деп ойлаймын.

Соңында, «Қазақтың қамын жемеген – нанын да жемесін!» деп Бекболат Тілеухан ағамыздың сөзімен аяқтайын.

Ержігіт Тағай,
С. Торайғыров атындағы
ПМУ
сәулет-құрылыс
факультетінің
студенті



СТУДЕНТ

ҰТҚЫРЛАРҒА АРНАЛҒАН «АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ»



Қазақстан жоғары оқу орындарында «Академиялық ұтқырлық» деген бағдарлама бар. Ол көптеген студенттердің арманын орындауға мүмкіндік беретін бағдарлама десек те болады. Яғни, студенттер Қазақстанның кез келген қаласының жоғарғы білім ордасына немесе шет елдегі озық жоғары мектептерден білім алу мүмкіндігіне ие болады. Өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланып жүрген студенттер білімін жетілдіру мақсатында көптеген мемлекеттерге жол салып жүр.

2010 жылы 11-12 наурыз күндері Болон үрдісіне қатысушы елдердің Білім министрлігінің II Болон Форумында Қазақстан Болон декларациясына қосылып, Болон үдерісіне 47-ші мемлекет ретінде мүше болды. Қазақстан Республикасы – Болон декларациясына қосылу мәртебесіне ие болған және еуропалық білім кеңістігіне енген бірінші Орта Азиялық мемлекет. Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуы еліміздің жоғары мектептері студенттеріне жаңа білім көкжиектеріне жол ашты.

Болон Декларациясының басты ұстанымдарының бірі – оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы.

Академиялық ұтқырлық – бұл білім алушылардың немесе оқытушы-зерттеушілердің білім алуға немесе зерттеу жүргізуге байланысты өз ЖОО-да кредиттік жүйеге негізделген білім беру бағдарламасының міндетті қайта сынақтан өту тәртібіне және ережеге сәйкес семестр немесе оқу жылына белгілі академиялық кезеңге өтуі. Қазіргі таңда білім алушылардың академиялық ұтқырлығы Tempus, Erasmus Mundus, Erasmus Mundus Partnership және т.б. айырбастау бағдарламалары арқылы қамтамасыз етіледі.

Бұл бағдарлама 2020 жылға дейін еңбек нарығының қажеттілігін қанағаттандыратын, мемлекеттің яки өңіріміздің индустриалды-инновациялық дамуын нығайтатын, білім саласындағы озық тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының артуына қолжеткізу міндетін арқалап келеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы өз азаматтарының қабілеттері мен мүмкіндіктерін кеңінен қолдана отырып, үздіксіз оқыту арқылы жоғары білім аясын кеңейту жолымен үлкен табыстарға жетуіне мақсат қойды. Нәтижесінде оқыту мен ұтқырлық білім алушылардың өзгермелі еңбек нарығында біліктілік, белсенділік, жауапкершілік құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде С.Торайғыров атындағы

ПМУ оқытушылары мен студенттерінің академиялық ұтқырлығы қарқынды дамып келеді. Білім ордасында 2011 жылдан бері академиялық ұтқырлық орталығы жұмыс жасап келеді. Құрылымдық бөлімнің қызметі студенттер мен оқытушыларды ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлықпен қамтамасыз етуге бағытталған.



2013-2014 оқу жылында сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 71 білім алушылар білімін ұштап келді.

2013-2014 оқу жылында ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 68 студенттер мен магистранттар білім алды.

2014 жылы сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына 33 білім алушы қатысты. Олардың 29-ы 2014-2015 оқу жылының күзгі семестрінде АҚШ, Польша, Чехия, Болгария, Латвия, Литва және Ресей Федерациясында білімін ұштап келді.

2014 жылдың ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде күзгі семестрде 24 студент білім алды.

Ақмарал ЕРМАНАТ

Бағдарлама арқылы шетелдің озық жоғары оқу орнында білім алдым

Фарида Жаңабай,
С.Торайғыров атындағы ПМУ металлургия,
машинажасау және көлік факультетінің Мт-301
тобының студенті.

Мен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Болгарияның озық жоғары оқу орындарында өз білімімді шыңдап келдім.

Академиялық ұтқырлық – студенттердің білімін тереңдетіп, біліктіліктерін арттыруға арналған бағдарлама. Осы бағдарлама арқылы өзімнің армандап жүрген мемлекеттерге білімімді шыңдау мақсатында, баруыма жол ашылды. Ең алдымен Болгарияда 3 ай білім алдым. Астанасы – София қаласы. Ол жақта ауа райы өте жылы екен. Қаланың ерекшелігі тарихи ғимараттар өте көп екен. Болгарияны дамыған мемлекеттердің қатарына да жатқызуға болады. Адамдары үнемі күліп жүреді, өте мейірімді көрінеді.

University of Chemical Technology and Metallurgy оқу орнында шетелдерден келген студенттердің көп екенін аңғардым. Сонымен қатар, София қаласының өзінде Қазақстаннан барған 30-ға жуық біздің студенттер білім алып жүр екен. Қытай, Мысыр, Грекия, Германия, Түркия сияқты мемлекеттерінен студенттер болды. Олармен бір топта білім алдық. Аздап болгар тілін үйрендік. Орыс тіліне жақындығы, ұқсастығы бар екен. Көбінесе ағылшын тілінде сөйледік. Берген білім сапасының деңгейі жоғары деуге болады. Ондағы оқуым өзіме өте қатты ұнады, керемет әсермен елге оралдым. Ол жақта ең жақсы баға «6». Сынақ ауызша және жазбаша түрде өтеді екен. Бізге естелік ретінде студенттік сынақ кітапшасын берді. Болгарияның 3 қаласына бардық. София, Благоевградта және бұрынғы астанасы Велико-Тырновада болып, қалалардың ең көрікті деген жерлерін тамашаладық. Білім ала жүріп, ел аралап, жер таныдық. Мемлекет тарапынан академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы білім іздеген студенттердің жолын ашып, қолдап жатқаны мені қуантады. Бірнеше жылдардан кейін бұл игіліктің де жемісін көреміз деген сенімім бар.

Бүгінгі «Балбұлақтың» қонақтары Павлодар қаласындағы №35 ЖББОМ-ның 3 «Ә» сынып оқушылары. Сынып жетекшісі Жаркина Камал өз оқушыларын ерекше қабілетті әрі дарынды деп санайды. Сондықтан, Камал Қабдоллақызы балаларын бөліп-жармай бір шумақ өлеңдерін жариялауды өтінді. Балақайлардың аналарына арнаған жырларымен таныс болыңыздар.

АРДАҚТЫЛАРЫМ

Аяулы анам,
Кішкентайдан
өсірген.
Ардақты әжем,
Қатемді менің
кешірген.

Ғалымжан
Альжанов



АҚ АНАМ

Мерекенмен жан
анам,
Құттықтаймын мен
сені.
Бақытты болып жүре
бер,
Мейірімге толы ақ
анам.

Арайлым Сәулет



АНАШЫМ – АҚЫЛШЫМ

Анам мені
еркелеткен,
Тәрбиелеп, өсірген.
Ақыл қосып
әрқашанда,
Қиында жол
көрсеткен.

Диас Адилов



БАҚЫТТЫСЫҢ

Бақыттысың
анашым,
Бейбіт аспан
астында.
Тату-тәтті күн
кешіп,
Қуаныштымыз
бәріміз.

Аяулым
Дүйсенбекова



СҮЙІКТІ АНАМ

Сүйікті анам, жан
анам,
Гүл сыйлайын мен
саған.
Ал өскенде көп
гүлге,
Құшағыңды
толтырам.

Асанәлі Алғожин



МАҒАН ӨМІР СЫЙЛАДЫҢ

Маған өмір сыйладың,
Мейірімге бөледің.
Еркелігімді көтеріп,
Білгеніңді үйреттің.

Нұрдәулет
Байзақ



СҮЙІКТІ АНА

Аяулы менің
анашым,
Әдемі әрі сүйікті.
Мерекенмен
құттықтап,
Өн айтып, гүл
сыйлаймын.

Ризабек Төлеубай



МЕРЕКЕНМЕН!

Мерекенмен жан
анам,
Мәпелеген,
өсірген.
Ауырмашы
ешқашан,
Бақытты бол,
жан анам!

Алтынай
Күспекова



ЖАН АНА

Анам, анам, жан анам!
Сүйіктімсің,
гүл анам.
Мейірімге
толысың,
Бәрінен де
сұлусың.

Аружан
Уатқанова



АНАШЫМ

Өмірге мені әкелген,
Бағып-қағып
жеткізген.
Анам менің ойымды
Айтпасам да
түсінген.
Құттықтаймын мен
Сізді
Сегізінші наурызбен!

Амина
Мұқашбаева



ӨН ШАШУ

Сегізінші наурыз!
Кел қыздар,
билейік!
Аналарға жыр
сыйлап,
Өн шашудан
төгейік!

Анел Төнкеева



8 НАУРЫЗ

Сегізінші наурыз –
Аналардың
күндері.
Анама сыйлаймын
Көмпит пенен
гүлдерді.
Өн айтамын анаға,
Би билеймін
анама.
Жақсы көрем анамды,
Жақсы көрем, қашанда.

Айда Ұюқбай



АЯУЛЫ АНА

Әніңмен әлдилеп,
Аяладың жан
анам.
Оң мен солды
үйретіп,
Қуанышқа
бөледің.

Анашым бір өзіңе
Таудай алғыс
айтамын!

Рысгүл
Серікбаева



ҚЫЛҚАЛАМ

«Қылқалам» айдарында 3 «Ә» сынып суретшілерінің қаламынан туған туындылар.



Алтынай Күспекова



Ризабек Төлеубай



Арайлым Сәулет



САЛАУАТТЫ БАЛА – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Бүгінгі ұрпақты теледидар мен компьютерге телміріп отырған, қолында ұялы телефон мен планшетсіз елестету мүмкін емес-ау. «Заманды тұрмыс билейді» деген екен белгілі жазушымыз Шерхан Мұртаза. Ертегі тыңдап, ертегінің қиялына берілген буынның орнына айтқанды қайталайтын, көргенді екі етпейтін осы дәуірдің жаңа буыны келді ме өзі?!

Ойын баласының күнделікті тұрмысын теледидар, компьютер, ұялы телефон, планшет, айфондарсыз елестету мүмкін емес. Олардың пайдасы бар әрине, алайда, денсаулыққа зиянын әсіресе, бала денсаулығына залалының қомақты екенін дәрігерлер мен ғалымдар айтып жүр. Қазіргі уақытта бала аулада асық атып, доп теуіп, жүгіріп ойнамаса да үйдегі дүңгірленген жәшікке телміріп отырғаны.

Жау үйде

Бүгінгі балдырғандар ақпаратты ата-анасынан емес осы электронды сандықтардан алып жатқаны шын. Ол ақпараттың балаға қажеттісі бар, керек емесі де көп. Ертегінің орнын басқан сериалдар бүгінгі оқушының тәрбиесіне зор ықпал етуде. Балдырғандар жан-жағын, дүниені, басқа ұлт тарихы мен дәстүрлерін, сол елдің мәдениеті мен өнерін сериалдар арқылы бойларына сіңіреді. Балалар өздерінің дәстүрлерінен гөрі өзгенің салт-ғұрыптарын жап-жақсы игеріп алады. Теледидарда «прайм тайм» яғни, көрерменді көп жинайтын уақытында үндінің, түріктің сериалдары көрсетіледі. Әулеттің үлкені мен кішісі жиналып теледидар көріп мәре-сәре болған шақта, жүгіріп жүрген балаға ешкім мән бере қоймайды. Ал ол құр жүрген жоқ, ойына тоқып жүр. Осы кезде баланың ақпаратқа құлағы түрулі, көзі ашық, есіне жатталып жатқанын естен шығармаңыздар. Міне, осындай сәттері ол нені көріп, нені естіп жатқанын қадағалаған дұрыс. Мәселен, өз-өзін өлтіргелі жатқан адамдар, бір-бірін өлімге қиған, зорлық-зомбылық, жаман қылықтар мен ессіз әдеттерді паш ететін кино оқиғаларына

балаларымыз жиі куә болып жатады. Олардың көретін кинолары мен мультфильмдерін қатаң бақылауда ұстаған жөн.

Қанға, зорлыққа көзі әбден үйренген бүлдіршін қаныпезер, безбүйрек болып өсетіні туралы психологтар да дабыл қаға жеткізуде. Мамандардың пікіріне келіспеске амал жоқ. Бүгінгі балалардың әңгімесі де, болмысы да, қабылдауы да өзгереді. Оған себеп, бала санасында теріс ақпараттың тым көптігі. Оның қайсысы дұрыс қайсысы бұрыс екенін бала айыра бермейді. Екіншіден, бала бұрыс ақпаратты ата-анасы көріп отырғаннан кейін дұрыс деп есептейтіні де түсінікті. Сондықтан, ата-ана баламен бірге теледидар көргенде ақылға салып, бағдарламалар мен киноларды дұрыс таңдап көргені абзал.

Балаңызды кім тәрбиелеуде?

Ал америкалық психологтар теледидарға телміру – балаларға агрессиялық мінез-құлықты қалыптастыратынын мәлімдейді. Бүлдіршіндер музыкаға одан кейін теледидарға тез тәуелді болады екен. 1998 жылы Англияның Селия Вард деген ғалымы теледидардың балалардың тәрбиесіне қалайша ықпал ететінін зерттепті. Оның айтуынша, ата-аналар балаларының тәрбиесін электрондық құрылғыларға тапсырған болса, онда бала дамуы 20 пайызға кідерске тап болады екен. Осы зерттеу жұмысына қарағанда теледидар мен ғаламтор біздің балаларды тәрбиелемеуі тиіс деп деп айта аламыз. Бастауыш сынып оқушыларының ой-өрісі даму үстінде. Сол себепті, ата-ана баламен миды дамытатын ойындар, логикалық есептер шы-

ғарып, ұлттық фольклормен сусындатып отыруды әдетке айналдыруы керек.

Баланың миы 5-6 сағат мектепте қарқынды жұмыс жасайды. Бұл логика, ойлау, есте сақтау, сараптама жасау, нәтиже шығару сынды мидың жұмыстарын дамытуға өте пайдалы. Ал ата-ана мектептен тыс үйде болғанда өз тарапынан баласының электрондық құрылғыларға байланбағанын қадағалауы қажет. Баланың денсаулығына, психологиясына зиян әдеттерден арылуды мақсат етсеңіз ұялы телефон, планшет, компьютер, теледидар сынды құралдарды қолдануын шектеңіз.

Теледидардың залалы

Мамандардың айтуынша, бастапқыда бөбектер теледидарды мақсатсыз түстердің жарқылына қызығып көреді екен. Кейін бала сол түрлі-түсті жарқылға бойы үйреніп алады. Яғни көз жарқ-жұрқ еткен түстерге тәуелді бола бастайды екен. Теледидар көрудің қажеті болмаса да оны қосып өзі басқа іспен айналысып жүрген біреуді көрсеңіз онда оның теледидарға тәуелді адам деп түсініңіз. Олар үшін бірнәрсе жарқылдап көздің жауын алып тұрса болғаны. Содан кейін мидың тәуелділігі орнай бастайды. Бұл ең қорқыныштысы. Қорқыныштысы сол, теледидарға тәуелді болған адамның ойлау қабілеті әлсірейді. Былайша айтқанда, ми жұмысы шектеліп, баланың белсенділігі төмендейді. Мұндай электронды құралдарға тәуелділігі бар балаларды басқа да тәуелділікке байлап тастауға оп-оңай екенін естен шығармаңыздар.

АҚШ-тың Оңтүстік Каролина университетіндегі ғалымдар «теледидар баланың когнитивтік қызметінің дамуына кері әсер етеді, сондай-ақ ойын жұмылдыруға кері әсерін тигізеді» деген тұжырым жасап отыр. Көгілдір экранның әсері ең алдымен көру мүшесіне ғана емес, есту қабілетіне де зиянын тигізеді. Ғалымдардың зерттеулерінше, бала теледидарды қарамай-

ақ, маңында ойнап жүрген күннің өзінде назар аудару, принциптік ойды жұмылдыру қабілеті нашарлап, оның миында кереғар реакция жүреді. Тіпті теледидар басқа бөлмеде қосұлы тұрса да, бала оны естиді, сөйтіп ойнап жүрген, кітап оқып, үй жұмысын жасап отырған баланың миы тұрақты режимде керексіз ақпараттарды қабылдап, оны алаңдатады. «Көгілдір экран үйде күніне 90 минуттан артық қосылмауы тиіс» деген кеңес береді ғалымдар.

Қауіпті телефон

Ұялы телефон балалардың денсаулығына кері әсер етеді. Есте сақтау қабілеті нашарлайды. Танымдық қабілеті төмендейді. Бойды селқостық пен бойкүйездік билейді. Балалардың көбісі ашушаң, шаршағыш келеді, жүйкесі тез құриды. Ал ұялы телефонмен ұзақ сөйлесетін балалардың жүйкесі жұқарып, депрессиялық синдромға ұрынуы жиілейтін көрінеді. Бұның бәрін дәрігерлер хабарлайды. Бүгінде балалар күндіз-түні ұялы телефонға жабысып, қолдарынан бір тастамайды. Өйтеуір қолдарына тыным жоқ.

Қуаттағыш қондырғы жарты метр жерде болса, онда жоғары кернеулі электр сымның астында ұйықтағанмен бірдей екен. Тіпті мұның соңы мида қатерлі ісіктің пайда болуына әкеледі. Ғалымдар сұмдық сорақы жайттарды да анықтап отыр. Ұялы телефонмен ұзақ сөйлессеңіз, ол адам миын бір градусқа дейін қыздырады екен.

Сөзімді түйіндейін, ертегі тыңдап, қиялға қанат бітіріп армандай білген бала өзіне сенімді және қиындықтан қорықпайтын жігерлі азамат болып шығады. Олай болса, балаңыздың дені сау, саналы да салауатты болғанын қаласаңыздар балаға электронды құрылғыларды пайдалану уақытын азайтуға көмектесіңіздер.

Камал ЖАРКИНА

№35 ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі

Даланың тұңғыш қоңырауы

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің академик С.Бейсенбаев атындағы ғылыми кітапханасының көркем әдебиет бөлімінде ағартушы-педагог, жазушы, этнограф Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығына арналған «Даланың тұңғыш қоңырауы» атты әдеби кеш өтті.

Бұл іс-шараның мақсаты кітапхананың көркем әдебиет бөліміне студенттерді шақыру, көркем әдебиетті оқуға ынталандыру, студенттердің ой-өрісін кеңейту, сөйлеу тілін байыту, тіл мәдениетіне көңілдерін аудару. Отанға, елге деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін арттыру, қазақ әдебиетіндегі асыл мұраларды құрметтеуге баулу болып табылады.

Кездесуді ұйымдастыруға көркем әдебиет бөлімінің кітапханашылары мен қазақ әдебиетінің шын жанкүйер студенттері атсалысты. Атап айтсақ, гуманитарлы-педагогикалық факультеттің студенттері Ақерке Имашхан,

Сәулегүл Хошорбайқызы және агротехнологиялық факультет студенті Гүлжан Елешова шараға белсене қатысты. Сонымен қатар кітапханашылар қатысушылардың қызығушылығымен қойылған сұрақтарға да жауап берді.

Студенттер Ыбырай Алтынсариннің «Жан-жануарлардың дауласқаны», «Әке мен бала» және «Бір уыс мақта» әңгімелеріндегі ой-түйер сәттерін бейнелеген қойылымын көпшілік назарына ұсынды. Әдеби кеште кітапсүйер жастар Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығымен танысып, көптеген еңбектері, хаттары ұсынылған кітап көрмесін тамашалады.

Ғылыми әдебиеттермен қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Гүлжан Аманова: «Ы. Алтынсариннің көркем шығармаларының басты идеялары адамгершілік пен еңбексүйгіштік, әдептілікпен инабаттылық, зейінділік пен зеректілік және ата-ана, ел мен жерге деген сүйіспеншілік, тәрбиелік сипатына бағытталған. Ұлы ағартушының кітаптары орта мектептің мұғалімдері мен оқытушыларына арналған. Сондай-ақ, қалың оқырмандарға да өте пайдалы кітаптар екені сөзсіз», – деп ой бөлісті.

С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың С. Бейсембаев атындағы



ғылыми кітапхананың қызметкерлері Жүрсилә Абилдинова, Гүлнәр Мусина Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығы мен өмірі туралы кітап көрмесін және виртуалды кітап көрмесін ұйымдастырды. Ал университет

кітапханасының көркем әдебиет бөлімі кітапханашысы Елена Лиханова Ы. Алтынсариннің еңбектеріне ақпараттық шолу өткізді.

Ақерке ИМАШХАН

МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павло-
дар мемлекеттік
университеті

Редактор:
Жанар Елешова
Дизайнер: Н. Яницкая
Тілшілер: А. Тилей,
Н. Рабилова, Ұ.Төлеу,
А. Ерманат, Б. Кабышев,
М. Сүлейменов.

Ақылдастар алқасы:
Қ. Алдабергенов, Ж. Бижан,
А. Тойшыбайұлы, А. Эсеналиева.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• Таралым «PrimaLux» баспасында басылған. Мекен-жайы: Екібастұз қаласы, Әуезов көшесі, 15. Тел: 8 (7187) 75-50-44.
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № г15-3013